



АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ. СОТ ӨНДІРІСІ, 1-БӨЛІМ (1)

Іс бойынша өтініш хаттағы
мәлімдемешілерді өзгерту



1. Мәлімдемеге (өтініш хатқа) түзетулер.
2. Мәлімдемеге түзетулер және ескіру мерзімі.
3. Бірінші инстанция бойынша сот өндірісінің соңғы сатысындағы өзгерістер.
4. Мүлдем жаңа көзқарасты көтеру мақсатындағы апелляцияға түзетулер.
5. Мойындау.

1. МӘЛІМДЕМЕГЕ (ӨТІНІШ ХАТҚА) ТҮЗЕТУЛЕР

Тараптар өтініш хат мәлімдемесін бергеннен кейін, оны өзгертуге болады:

- егер тарап барлық тараптардың жазбаша келісімін алса;
- егер тарап соттың келісімін алса.

Тараптарға өзгерту құқығын беруде сот қаншалықты өз құзыретін еркін жүзеге асырады?

Енді түзетуді ерте кезеңде жасауға тиым салу соншалықты маңызды емес, мәлімдеме қаншалықты кеш берілгеніне, түзетуге байланысты қарсы тарап тартқан қасіреттің ұзарып немесе көбейгеніне қарамастан, шығындарды өтеу туралы ереже бойынша материалдық шығындар қалпына келтірілген кезде соттың түзетуге рұқсат беруі заң болып табымайды. Сондықтан бұл мәселеде АСЕ дейінгі соттарда болған ұқыпсыздық пен либералдықтан АСЕ соттары бас тартты.

Бұл мәселеге қатысты либералды ұстаным халықаралық қолдауға ие. Мысалы, Америкалық заң институты УНИДРУА Қағидалары ұсынады: «тарап барлық негіздемені көрсете отырып, өз мәлімдемесін өзгерте алады немесе өзге тараптарға ескерте отырып қарсылық білдіре алады, дегенмен тарап негізсіз сот талқылауын тоқтата алмайды немесе түзетулер қандай да бір әділетсіздіктерге алып келмеуі тиіс».

Келесі ағылшын мәлімдемелері XIX ғ. дейінгі АСӨ тәжірибесінде басымдыққа ие болды:

Қалай болғанда да салақтық немесе ұқыпсыздық салдарынан бірінші жіберілген қателік, түзету кеш ұсынылғанына қарамастан, түзетуге рұқсат берілуі қажет, дегенмен ескеретін жайт, түзету өзге тарапқа қатысты әділетсіздікке жол беріп жіберілмеуі қажет. Егер өзге тарап барлық шығындарды өтейтін болса, бұл істе ешқандай әділетсіздік жоқ (Clarapede & Сот қарсы тарап Commercial Union Association, (1883).

Соттың мақсаты іс жүргізу барысында тараптардың жіберген қателіктері үшін жазалау емес, тараптардың құқығын анықтау болып табылады, сондықтан олардың құқығына сәйкес шешім қабылдаған жөн (Storper қарсы тарап Smith, (1883).

1. Қалай болғанда да, салақтық немесе ұқыпсыздық салдарынан бірінші жіберілген қателік түзету кеш ұсынылғанына қарамастан, түзетуге рұқсат берілуі қажет, дегенмен, ескеретін жайт, түзету өзге тарапқа қатысты әділетсіздікке жол беріп жібермеуі қажет. Егер өзге тарап барлық шығындарды өтейтін болса, бұл істе ешқандай әділетсіздік жоқ (Clarapede & Co қарсы тарап Commercial Union Association, (1883).
2. Соттың мақсаты — іс жүргізу барысында тараптардың жіберген қателіктері үшін жазалау емес, тараптардың құқығын анықтау болып табылады, сондықтан, олардың құқығына сәйкес шешім қабылдаған жөн (Storper қарсы тарап Smith, (1883).

Мысал. Ketteman қарсы тарап Hansel Properties Ltd (1987) істе лорд Гриффитс өз болжамын айтты, оның ойынша мұндай мәлімдеме тым мейірімді болып табылады және ол іс үшін қауіпті болуы мүмкін. Swain-Mason қарсы тарап Mills & Reeve (2011) ісі бойынша апелляциялық сот АСӨ аясындағы либералды қатынасты дұрыс деп тапты (демек бұл қатынас Gale қарсы тарап Superdrug Stores plc (1996) ісіндегі АСӨ дейінгі Миллетт ойын ауыстырады немесе жоққа шығарады, ол викториан кезеңіндегі түзетулерге шыдамдылық таныту сақталуы қажет деп санайды).

Мәлімдемеге түзету енгізу керек пе деген сауал соттың қарауында қалады және ол бұл мәселеге өзінің әділеттікті бағалау түйсігімен басшылық жасауы қажет. Соттың шешіміне әртүрлі көптеген факторлар әсер етеді. Ескеретін жайт, әділеттік үнемі ақшамен өлшенбейді, бұл жерде сот өндірісінің барлық қатысушыларының қызығушылығын ескерген жөн.

Мәлімдемені түзетуге рұқсат беруде судья сот өндірісіне тікелей ықпал ететін АСӨ 1-тармағының «бірінші қатардағы мақсатымен» жүргені жөн.

Сот түзетуге рұқсатты түзетумен байланысты тараптардың қаржылық шығындарын өтейтін болғандықтан, «келісім белгісі» ретінде ғана бермеуі қажет;



Түзетуге рұқсат беру тек қарсы тарапқа түзетудің әсер етуіне ғана негізделмей, басқа тараптарды да ескергені жөн;

Сот талқылауын ұзартумен байланысты психологиялық қиындықтарды да ескерген жөн;

Түзету мәселені нақтылап немесе бағыттауға жағдай жасауы мүмкін немесе тіпті түзету енгізілмесе, іс алға қарай жүрмеуі мүмкін.

Мысал. 1996 жылы 24 тамызда яхтинг кезінде жәбірленуші қиын бас жарақатын алған оқиға орын алды. Нәтижесінде жәберленушіде толық амнезия пайда болды. Алғашында жәбірленуші жарақат кезінде орын алған оқиғаларды есіне түсіре алмады, сондықтан оның 1997 жылғы қазандағы алғашқы мәлімдемесі яхта бөліктеріне қызмет көрсету кезіндегі орын алған салақтықпен байланысты болды. 1999 жылдың ақпан айында қорғанушы тарап бұл ақпаратты толығымен жоққа шығарып, апат мәлімдеушінің яхтаның бас парусының ағаш бөлігін ұруы нәтижесінде пайда болғанын хабарлайды. Жауап ретінде 2000 жылы сәуір айында мәлімдеуші өзгеше ұстанымды ұсынады, нақтырақ айтатын болсақ, жауапкер тиісті алдын-ала шараларын жасамаған, мәлімдеушіге зиян парустың күштеп жасалған әрекеті нәтижесінде келтірілген. Бұл мәлімдемеге ұсынылған өзгеріс жеке келтірілген зиянды қалпына келтірумен байланысты талап қоюдың үш жылдық ескіру мерзімінен асып кетті (Goode қарсы тарап Martin (2001) ісі).

Goode пен Martin ісінен келесідей қорытынды жасауға болады:

- мәлімдемені өзгертуге рұқсат берген жағдайда, бұл жаңа талап қою ісін қозғаумен байланысты ұзақ әрі күрделі іс жүргізу әрекетін жоя алады ма?
- мәлімдемені түзетуге рұқсат бермеу — өзге тарапты қорғау болып саналмайды ма?
- түзетуге рұқсат бермеу — талап қоюшының сотқа жүгіну құқығына нұқсан келтіру болып табылмайды ма?

Жауапкердің мәлімдеуінше ұсынылған өтініш хатты өзгерту – түзету енгізу ережесінің аясынан шығып кетеді. Бұл алғашқы мәлімдемені өзгерту емес, қорғанысқа жауап ретінде пайда болған жаңа мәлімдеме болып табылады.

Дегенмен, аталған Goode қарсы тарап Martin (2002 г.) ісінде талап қоюшы жарақат алған жағдайды есіне түсіре алмайтын жарақат алды. Бұл жағдайда ұсынылған түзетуге рұқсат бермеу әділетсіз болып табылады, себебі мәлімдемеге түзетулер сот өндірісінде жаңа мүмкіндіктер ашуға жағдай жасайтын еді.

Goode қарсы тарап Martin (2002), істе шектеу туралы ұсыныс апелляциялық Brooke судьямен қабылданбады, сот мәлімдеушінің өтініш хатты өзгерту туралы өтінішіне рұқсат берді. Так как, «новые факты не вводятся, она просто хочет сказать что, если подсудимому удастся установить его версию фактов, она все равно выиграет, потому что эти факты также показывают, что он проявил небрежность».

Мәлімдемеге түзету енгізуге рұқсат берілуі керек, себебі ол 1998 жылғы Адам құқықтары туралы заңға сай келеді, ол өз кезегінде сотқа жүгіну құқығын қоса алғандағы бірінші және екінші заңдардың Европалық адам құқықтары туралы заңға сай келуін қамтамасыз етуі керек.

Goode қарсы тарап Martin (2002 г.) істе Судья Brooke LJ мәлімдеуінше, «бірінші қатардағы мақсат» соттардан қажетсіз қимылдардан бас тартуды қажет етеді, мәселен түзету енгізуге рұқсат қарастырылмаған кезде оның қажеттілігі:

1. Ескіру мерзімінің өтіп кеткеніне қарамастан жаңа талап қою;
2. 1980 ж. Шектеу туралы заңды қолданбауға рұқсат алу (33-тарауға сәйкес);
3. Жаңа талап қоюды дұрыс емес берілген мәлімдемемен біріктіру.

Savings & Investment Bank (SIB) қарсы тарап Fincken (2003) істе Судья Rix келесі мәлімдемені жасайды:

1. Егер түзету іс бойынша баяндалып көрсетілген, кең ауқымды құқық бұзушылыққа қатысты болса (міндеткерлігін орындамау, банкроттық, алаяқтық), сот түзету енгізуге рұқсат бермейді, себебі мәлімдемедегі түзету «тергеу үшін жаңа мүмкіндіктер қалыптастыруы мүмкін... [бұл түзетулер жүргізіліп жатқан алаяқтық ісін растай түскенімен, ең жақсы дегенде түзету екі тарапқа да әсер етпей қоймайды], сондай-ақ жауапкер [бұрыннан талап қоюшының қолында болған] жаңа құжаттардың алынғанына байланысты сот жақындап қалған кезде алаяқтық ісі бойынша құдалауға ұшырамауы керек.
2. Мәлімдемедегі түзету уақыты бойынша алшақ оқиғаларды қамтиды (егер түзетуге рұқсат берілсе сот процессі шамамен 12 жылға таралатын жаңа облыстарды қамтитын болады).



1988 жылы SIB ақша өндіріп алу туралы Fincken-ге қарсы іс қозғады. 1988 және 1990 жылы реттеу туралы келісімге қол қойылды, дегенмен Fincken міндетін орындамады. 1991 ж. SIB банкроттық туралы Fincken қарсы іс қозғады. 1992 ж. реттеу туралы үшінші келісімге қол қойылды және т.б.

Іске түзету енгізуге рұқсат берілуі мүмкін:

1. Мысал. Clarke қарсы тарап Marlborough Fine Art (London) Ltd, 2002 ж. ісінде талап қоюшы бірінші өтініш хаттағы кәугерлер мен өзге де дерек көздері өліп жоғалғаннан кейін мәлімдемеге түзету енгізгісі келді. Аталған Clarke қарсы тарап Marlborough Fine Art (London) Ltd ісінде түзету қарама-қарсы ұстанымдардың орнауына әкелгенімен, егер мәлімдеуші ұстанымдардың бірінің дұрыс екендігіне шынайы сенімді болса, мәлімдеме жай мүмкіншілікке немесе «қиялға» негізделмей, нақты фактілермен бекітілген болса, мәлімдемеге түзету енгізуге рұқсат берілді;
2. Мысал. Егер мәлімдемеге түзету соңғы сәтте енгізілген болса, аталған жағдай ерекше негіздемені талап етеді (Swain-Mason қарсы тарап Mills & Reeve (2011 ж.)). Ерекше ескеретін жайт, жалпы, өтініш хат ережесіне сәйкес, өзгеріс енгізілген сәттен бастап, қарама-қарсы тарап қандай өзгерістермен жолығатыны туралы нақты әрі егжей-тегжейлі білуге толық құқылы;
3. Мысал. Өзгеріс енгізген кезде ерекше ескеретін жайт, істі сот талқылауына дайындауға уақыттың жеткілікті болуы (Swain-Mason қарсы тарап Mills & Reeve (2011 ж.)).

Егер түзету енгізу жауапкердің қорғануына мүмкіндік бермейтін болса, аталған мәлімдемеге түзету енгізуге рұқсат бермейді.

NML Capital Ltd қарсы тарап Republic of Argentina (2011 ж.) істе Lord Phillips мәлімдемеге түзету енгізуге қатысты келесі нұсқаулықты берді. Оның ұсынысы бойынша, егер түзету АСӨ «бірінші қатардағы мақсатының» 1 бөлімі талаптарын тиісті деңгейде ескере отырып жасалған болса (істің «пропорционалдық құнына» қарай әділ қаралу қажеттілігін баса көрсету үшін 2013 жылы қайта қаралды), егер ұсынылған түзету қарама-қарсы тарапқа шығындар тәртібімен шешілмейтін зиян келтірмейтін жағдайда ғана, аталған жағдай нәтижесінде түзету енгізуге презумция қалыптасады.

Процедуралық ережелер істі әділ шешу үшін қызмет етуі қажет. Lord Woolf өзінің «Отчетах о доступе к правосудию» атты еңбегінде соттың мұндай ережелерге қатысты қатынасын айтарлықтай өзгерістерге әкелді. АСӨ 1.1 бөліміне сай Ережелердің негізгі мақсаты – сотқа істі әділ қарауға мүмкіндік берілуі қажет және бұл қаржыны үнемдеу мен істің жылдам қаралуын қамтамасыз ету үшін қажет».

2. МӘЛІМДЕМЕГЕ ТҮЗЕТУЛЕР ЖӘНЕ ЕСКІРУ МЕРЗІМІ

Өтініш хатқа түзету енгізу тиісті ескіру мерзімі өтіп кеткен істерге қатысты болса, өзгеріс енгізуге рұқсат беру шектелген тәртіпте жүзеге асырылуы қажет, себебі, жауапкер қалыптасқан жағдайға байланысты әділетсіз шығындарға тап болмауы тиіс.

АСӨ соттың іс бойынша мәлімдемені өз қалауы бойынша түзетуге, өзгеріс енгізуге, ауыстыруға рұқсат беретін үш жағдайды қарастырады, ал егер енгізілген өзгеріс жеке талап қою ретінде қаралатын болса, ол заңмен тиым салынатын еді.

Талап қоюшы тарап талқылау барысында құқықтық қорғау құралын алу туралы талап еткен іс бойынша жаңа мәлімдеме бұрынғы мәлімдемедегі фактілердің негізінде болған фактілерден туындаған болса АСЕ 17.4 (2).

Егер қате шынайы болып, ол тиісті тараптың жеке басына қатысты күмән тудырмайтын жағдайдағы тараптың атын ауыстырумен байланысты болса АСЕ 17.4 (3).

Талқылау басталған кезден тарапта болған құқық қабілеттілігін өзгерту немесе жаңа тарапқа құқық қабілеттілікті берумен байланысты болса АСЕ 17.4 (4).

3. БІРІНШІ ИНСТАНЦИЯ БОЙЫНША СОТ ӨНДІРІСІНІҢ СОҢҒЫ САТЫСЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР

Swain-Mason қарсы тарап Mills & Reeve (2011) апелляциялық соты бойынша мәлімдеді:

1. Кеш мәлімдемеге түзету енгізуге рұқсат бермейтін икемді емес Ереже болмайды. Дегенмен түзету істің ашылуына ықпалын тигізуі және түзету наразылықты әрі қарай жылжытудың бірден-бір жолы болуы керек.



2. Дегенмен сот түзету енгізуге рұқсат беруді бұрынғы кезеңмен салыстырғанда сирек жол беруі қажет.
3. Егер кеш түзету енгізілетін болса, ұсынылатын түзетілген мәтін тиісті қарама-қарсы тараптың қажетті қорғаныс талабын толығымен қанағаттандыруы керек. Тиісті уақытта ұсынуға міндетті болған мойындаудағы кемшіліктер дәлелдер негізінде жойлады деген тараптың ұстанымына жол беруге болмайды...
4. Оппонент кеш түзету енгізілгеннен кейін, ол қай кезде қорғаныс тәсілін өзгертуі қажет екенін, түзетудің мән-жайын білуі керек, себебі азаматтық сот өндірісі ережесінің жалпы ережесіне сай оппоненттің оған толық құқығы бар.

4. МҮЛДЕМ ЖАҢА КӨЗҚАРАСТЫ КӨТЕРУ МАҚСАТЫНДАҒЫ АППЕЛЯЦИЯҒА ТҮЗЕТУЛЕР

Сот сирек жағдайда ғана сот шешімі шыққаннан кейін өтініш хатқа түзету енгізіп, жаңа талап қоюмен немесе қорғаныспен шығуға рұқсат береді. Jones қарсы тарап Environcom Ltd (2011) ісін қарауда апелляциялық сот аталған мәселемен кездескен болатын.

Бұл істе наразылық мәлімдеушінің сақтандыру консультанты тиісті алдын-ала ескертуді жібермегеніне байланысты, өндірістік өрт қауіпсіздігінің тиісті факторларын жариялаумен байланысты мәлімдеушінің сақтандыруы жарамсыз болып қалған. Сот талқылауының аяқталуы мен жауапкер үшін сот шешімі шыққаннан кейін талап қоюшыда түзетуге өзгеріс енгізу туралы ой қалыптасады. Түзетуде ол сақтандыру брокерінің бас тартуы сақтанушы өрттен аулақ болатын тиісті сақтық шараларын қолдану мүмкіндігінен айырды деп көрсетуді көздейді.

Апелляциялық сот мұндай түзету енгізуге апелляциялық тәртіпте рұқсат бермейді (егер түзетуге рұқсат берілсе, бұл жаңа өтініш хат негізінде сот процесі әрі қарай сот талқылауына бағыттауды қажет ететін еді).

5. МОЙЫНДАУ

АСЕ 14.1 тармағы негізгі ереже болып табылады.

Kojima қарсы тарап HSBC Bank plc (2011) істе судья Lord Neuberger реттеу тәсілдері мен мойындауды жоққа шығару мүмкіндігіне қарсы апелляциялық сот шешімінің шектелген көзқарасын, сондай-ақ мойындау негізіндегі шешімді алуды реттеуге қатысты (Northern Rock (Asset Management) plc қарсы тарап Chancellors Associates Ltd (ескертпе) (2011), 10.65 белгіленген іс, шешімді жоюға қатысты) үдерістерді атап өтті.

Өндірістік ықпал сондай-ақ 2007 жылы 6 сәуірден кейін жасалған дене жарақатын келтіру, клиникалық жарақаттар, сондай-ақ инфекция мен аурулар туралы алдын-ала мойындауға қатысты.

«Woodland қарсы тарап Stopford (2011) ісі бойынша апелляциялық соты іс бойынша сот шешімін қайтару туралы сот құзыретін қарастырды. Сот бірінші инстанциядағы Жүзу ассоциациясының кең ауқымдағы мойындауын қайтаруына рұқсат беру туралы соттың шешімін қалдырды. Бұл тарап қазір өз позициясын қайта қарады. Іс «Эта сторона сейчас пересмотрела свою позицию». Бұл іс өзінің мақсат шегіне жеткен еді. Наразылық көлемі бассейнге үлкен көлемде зиян келтіру салдарынан болған 2 млн. фунт стерлингты құрады және Апелляциялық соттың шешім қабылдаған сәті мен істің басталған кезеңі арасында он бір жыл уақыт (2000) өтті.

Zuckerman бұл шешімді қатты сынға алды. Ол бұл жағдайдың тым икемділік танытқанын көрсететінін алдыға тартады. Оның ойынша алдыға қойған позициядан ауытқып шешім шығаруда еркіндік жасап, толығымен өндіріс механизміне нұқсан келтіреді.

Қолданылған және ұсынылатын әдебиеттер:

1. Кудрявцева Е.В. «Гражданское судопроизводство Англии». - М.: Издательский дом «Городец», 2008.
2. Эндрюс Н. «Система гражданского процесса Англии: судебное разбирательство, медиация и арбитраж» // пер. с англ.; под ред. Р.М. Ходыкина. М.: Инфотропик Медиа, 2012. – 544 с.
3. Andrews N. «Andrews on Civil Processes». Vol. I. Intersentia, 2013.